

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GLPR6468>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/RHFC9875>***А. Х. Халелова**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
*e-mail: khalelovaiga@mail.ru

ЕУРОПАДАҒЫ БИЗНЕС ТІЛІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

Бұл мақала бизнес тілінің пайда болып дамуын көрсететін екі дәуірге бағытталған: б.з.д. 500 жылдан б.з. 250 жылға дейінгі ежелгі Еуропа, Жерорта теңізі әлемі және Ортағасырдағы Еуропа, Жерорта теңізінің іскерлік әлемі. Мақаланың негізі – екі тарихи кезең қазіргі заманғы әлемде іскерлік тілді қарастыруға болатын ағартушылық призманы қамтамасыз ете отырып, елдер мен мәдениеттердегі алыс, бірақ таңқаларлық тікелей корреляцияны көрсетеді. Таңдалған дәуірлердің айрықша белгілері анықталады. Мысалы, ежелгі тілдерде күрделі бизнес-терминологияның құрылуы, ерте кезеңдегі хат алмасу, бизнес әлеміндегі жанрлардың пайда болып дамуы, танымал іскерлік әдістер мен бизнесті жүргізудің бірқатар жаңа шарттарының әзірленуі және т.б.

Мақалада Еуропа ғалымдарының ғылыми еңбектеріндегі бизнес тілінің ежелгі әлемнен қазіргі заманға дейінгі даму тарихына талдау жасалды. Ғылыми әдебиеттерден тілдік фактілерді жинауда бақылау әдісі, сондай-ақ тарихи және аумақтық байланыстар нәтижесінде бір тілдің екінші тілге әсер ету дәрежесі мен сипатын, генетикалық байланысын зерттеуде салыстырмалы-тарихи әдісі қолданылды. Этимологиялық талдау бизнес терминдердегі бастапқы морфемалық құрылымын, тарихи өзгерістердің сипаты мен олардың себептерін анықтаумен байланысты.

Кілтті сөздер: бизнес лингвистика, бизнес тілі, іскерлік тіл, іскерлік термин, терминология.

Кіріспе

«Бизнес-лингвистика» деген көзге түсер атауға сыртқы әлем біртекті мазмұнның болуын талап етеді. Алайда тарихи перспективада сауда-саттықтың өте қарапайым тілінен басталған бұл ерекше тіл, қазіргі қоғамда

еңбек бөлінісінің артуымен және бизнесті жүргізу әдістері мен экономикалық ойлаудың күрделілігімен кеңейе түскенін көрсетеді.

Ағылшын тілі – жаһандық бизнес тілі, *lingua franca* (байланыстырушы тіл), ол ортақ ана тілі болмаған жағдайларда халықаралық іскерлік байланыстарды қамтамасыз етеді. Британдық отаршылдық тарихта бірінші өнеркәсіптік революциядан кейін технология мен әдебиеттің тез таралуы, сонымен қатар АҚШ-тың жаһандық көшбасшы ретінде қалыптасуы ағылшын тілінің ауқымын едәуір кеңейтті.

Тарихи салыстырмалы әдістің нәтижесі назарымызды осы саладағы ағылшын тілінің үстемдігі салыстырмалы түрде жақын уақыттан бергі құбылыс екендігіне аудартады. Италиян, француз, неміс, тіпті араб, голланд және жапон тілдері де экономика мен бизнестің халықаралық тілінің сөздік қоры мен жанрларын қалыптастыруға үлестерін қосқан.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мәселесі бойынша Найджел Холден, Герлинде Маутнер, Франц Рейнер, Кристофер Росс, Жан Андрео сынды ғалымдардың еңбектеріндегі бизнес коммуникацияның ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі даму тарихына талдау жасалынды. Ғылыми әдебиеттерден тілдік фактілерді жинауда бақылау әдісі, сондай-ақ тарихи және аумақтық байланыстар нәтижесінде бір тілдің екінші тілге әсер ету дәрежесі мен сипатын, генетикалық байланысын зерттеуде салыстырмалы-тарихи әдісі қолданылды. Этимологиялық талдау бизнес терминдердегі бастапқы морфемалық құрылымын, тарихи өзгерістердің сипаты мен себептерін анықтауда пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Ежелгі дәуірге шолу жасап, Еуропа елдерімен шектелетін болсақ, іскерлік тілдің құжатпен расталған тарихы біздің дәуірімізге дейінгі 4 мыңжылдықтан басталады. Маңызды ақпаратты құжаттау шумерлер, кейінірек аккадтықтар қолданған сазды тақтайшалардың ерекше беріктігіне байланысты. Бұл ақпараттың басым бөлігі үй мен құл сатып алу немесе бухгалтерлік есептің қарапайым түрі сияқты экономикалық операцияларға қатысты.

Аккад тілінде «гильдия тәрізді бірлестіктерді» құрған саудагерлерді *dam-gâr* деп атаған, ал *paruqqum* сөзі «сыртқы саудамен белсенді айналысатын саудагерге басқа саудагерлердің салған капитал қоры» дегенді білдіреді. Бұл деректер сол кездегі күрделі қаржылық тәжірибесінің болғанының дәлелі.

Тағы бірнеше мысал келтірсек, *kârum* термині «базар» деп аударылады, бірақ оның бастапқы мағынасы – «айлақ». Ол ежелгі теңіз саудасының дамуына айғақ болып табылатыны айқын. Финикия тіліндегі *tappatu* сөзі «пирамидтік серіктестік формасындағы» іскерлік ынтымақтастықты білдіреді [1, 4]. Ежелгі

ассириялық сауда колонияларының құжаттарында кездескен Хетт тіліндегі ең алғашқы тіркелген сөздердің бірі – «келісімшарт» [2, 6].

Осылайша, жоғарыда келтірілген сөздер ежелгі саудагерлердің өз қызметі, қарым-қатынасы мен ұйымдастырушылық формалары үшін қажетті сөздік қорының болғанын және этнологтар сипаттаған қарапайым өркениеттер деңгейінен әлдеқайда жоғары экономикалық даму деңгейіне жеткенін дәлелдейді.

Сыртқы сауданың дамуымен жекелеген үндіеуропалық тілдерде тиісті терминология пайда болды. Терминдер байырғы сөздер негізінде (латын *merx* – «тауар» => *commercium* – «сауда», *mercare* – «сауда жасау» => *mercator* – «саудагер»; *otium* – «бос уақыт» => *negotium* – «бизнес» => *negotigari* – «бизнес жүргізу» => *negotiator* – «көтерме саудагер») немесе кірме сөздер арқылы (*arrhae* – «салым, депозит») (Финикия тілінен алынған)) құрылды [3, 16].

Рим әлеміндегі көптеген банктік және іскерлік терминдердің егжей-тегжейлі талқылауын Жан Андрео еңбектерінен табуға болады. Мысалы, римдіктерде *argentarius* – «банкир», *mutuum* – «қарыз», *ratio* – «шот» деген терминдері болған. Яғни, банкир өз клиенттеріне шот ашып, қарыз берген. Қарызға ақша беретін кез келген адамды *fenator* деп атаған [4, 30].

Ежелгі Грекияда жазу екі маңызды маркетингтік функцияны – *жарнама және брендингті* тудырды. Құмырашылар өз өнімдерін «арнайы базарларда сатып, сауда белгілерін, яғни өз брендин танытты, тіпті жағымсыз жарнамалар арқылы бәсекелестерін көпшілік алдында мазақ еткен» [5, 270]. Тағы бір ескерерлік жағдай, гректер өз өнімдеріне, әсіресе шарапқа, «сауда белгісін реттеуін» еңгізді. Бұл импорт брендтің құнын төмендетпеуі үшін жасалған шара. Осы тәжірибе Римде де қайталанды [6, 63].

Әрине, қазіргі стандарттарға сәйкес Рим мен латын экономикасы салыстырмалы түрде қарапайым болды. Заманауи бизнес әлемінің белгілері – банк айналымдағы ақша, қолма-қол ақша, облигациялар мен акциялар, сондай-ақ вексель мен қос бухгалтерлік есеп сияқты коммерциялық құралдар қолданыста болмаған. Дегенмен аккад пен латын тілдері бизнеске қатысты қарым-қатынастарды, әдістер мен ұйымдық формаларды сипаттау үшін сөз қорын байытқан ежелгі тілдердің көрнекі мысалдары болып табылады.

Ерте ортағасырда ежелгі дәуір терминдерінің бірқатары ғана қалған. Латын тіліндегі *merx* сөзі, «тауар» деген ұғымды білдіретін сөз, жартылай сақталған, бірақ итальяндық *mercanzia* мен француздық *merchandise* деген заманауи терминдер осы түбірден шыққан. *Finis* – «төлем» ескі француздық *fin* сөзінде жалғасын тапты. Ал, *finer* – «төлеу» және *finance* – «төлем» терминдері *fin* сөзінен бастау алғанын көреміз.

Ерте ортағасырда бизнес-тілдік зерттеулер саласында алғаш пайда болған герман тілдерінің кезі. Ең көне ағылшын бизнес тілі алғаш рет Цюрих университетіндегі Бернхард Фердің докторлық диссертациясында зерттелді. Фердің деректеріне сүйенсек, ерте ортағасырдағы англосаксондарда «меншік», «ломбард», «акша», «баға», «борыш» және «өсімқорлық» деген ұғымдар болған.

Сауда қызметін білдіретін ежелгі неміс терминдерінің кейбіреулері латын тілінен шыққан. Мысалы, ежелгі неміс тіліндегі *managäri* – «саудагер» (ағыл. *monger*) латын тіліндегі *mango* – «(күл-) сатушы» сөзінен, *kaufen* – «сатып алу», латын тіліндегі *caupo* – «қонақ үй иесі, дүкенші» сөзінен пайда болса, *markt* (ағыл. *market*) – «нарық» латын тіліндегі *mercatus* сөзінен шыққан, ал *kosten* (ағыл. *to cost*) – «тұру» (ақшалай бағасы туралы) *costare* сөзіне барып табан тірейді [3, 20].

Батыс Рим империясының герман тайпаларының, одан кейін арабтардың шабуылы салдарынан ыдырауы Жерорта теңізінің сауда аймағы ретіндегі бірлігін бұзды. Еуропалықтар Оңтүстік-Шығыс Азия, Африка және Еуропа арасында делдал болған араб әлемімен тұрақты байланыста болды. *Tariff* сияқты еуропалық тілдердегі арабтардың көптеген іскерлік терминдері бұл фактіні айғақтайды.

Мыңжылдықтар тоғысында Еуропада саудаға қатысты жазбаша құжаттар кеңінен қолданыла бастады. Ғасырлар бойы тауарларын базардан базарға тасымалдаған көптеген саудагерлер енді негізгі сауда орталықтарына орнығып, отбасы мүшелері мен серіктестер желісінің көмегімен өздерінің сауда-саттық қызметін жалғастырды. Сыртқы сауданы ұйымдастырудың бұл жаңа тәсілі *іскерлік хат* пен *бухгалтерлік есенні* табысты сауданың екі негізгі талабына айналдырды.

Пергаменттен әлдеқайда арзан болған XII ғасырда арабтар Еуропаға әкелген қағаз Дамыған ортағасырдан бастап жазбаша іскерлік құжаттаманы тарату үшін өмірлік маңызға ие болғаны анық. Осылайша, Дамыған және Кейінгі ортағасырларда нарық саласында революция басталады [3, 21].

Латын тілі – ең көп бизнес терминдері бар тіл. Себебі бизнес пен басқаруға қатысты латын сөздері семантикалық тұрғыдан икемді болып келеді. Мысалы, *emere* – «сатып алу» және *vendere* – «сату» етістіктері «заңды мәтіндерде қолданылғанда, тауарларды, нысандар мен қызметтерді жалға беру немесе жалдау, кепілгер ретінде әрекет ету сияқты әр түрлі қызмет түрлерін сипаттап, сатып алу - сатудан гөрі кең ауқымды мәмілелерге қатысты болуы мүмкін» [7, 6].

Ерте орта ғасырларда хатты тану – латын тілінде хатты танумен пара-пар болды. Себебі шіркеу мен әкімшіліктің ғана емес, сонымен қатар сауданың тілі болып табылған латын тілі сол уақыттың *lingua franca*, яғни


байланыстырушы тіліне айналды. (*Lingua franca* термині ерте заманауи кезеңде Шығыс Жерорта теңізі аймағындағы италияндық сауда тілінде қолданылған. *Lingua*, яғни «тіл» – италияндық термин. *Franca* «еркін» дегенді білдіретін ескі француздық *franc*-тан шыққанмен, италияндық *franco* болып қалды) [8, 81]. Нәтижесінде жергілікті тілдерге осы салада латын тілімен қарсыласуға біраз уақыт қажет болды. Италия – латын тілінің орнына халық тілдерін қабылдаған алғашқы ел. Тосканада табылған XI ғасырға жататын меншіктің, салықтар мен шығындардың жергілікті тізілімдері мен Флоренция банкінің 1211 жылы ескі тоскан тілінде жазылған бухгалтерлік кітабының үзінділері соған дәлел.

Солтүстік Еуропада XIV ғасыр Ганзалық лига үшін шешуші кезең болды, латын тілінен төменгі неміс тіліне көшу 70 жыл уақытты қажет етті. Осы уақыт ішінде екі тіл қатар, тіпті бір құжатта да қолданылды.

Англияда сауда бұрынғысынша негізінен ағылшын тілінде жүргізілді, тек осы процеске мемлекеттік лауазымды тұлғалар араласқан жағдайда ғана француз тіліне көшкен. Француз тілі ағылшындықтардың әкімшілік пен соттар тіліне айналғаны анық – бүгін де ағылшын заңгерлік терминологиясы тек француз тілінде. Патшалық кірістерді жинап басқарған қазынашылық ағылшын саудагерлерін бухгалтерлік есептің негізгі терминологиясының көп бөлігімен қамтамасыз етті: *account* – бухгалтерлік шот, *amount* – сома, *arrears* – төлеу мерзімін өткізу, *auditor* – аудитор, *control* – бақылау, *expenses* – шығындар және т.б. Сонымен қатар француз тілі нарық терминологиясына терең әсер еткенін атап кеткен жөн: *bargain* – сауда мәмілесі, *count* – есеп, *market* – нарық, *merchandise* – тауар, *merchant* – саудагер, *money* – ақша, *pay* – төлем, *price* – баға, *profit* – пайда, *value* – құндылық және т.б. [3, 23].

Сауданың күрделі ұйымдастырылуына байланысты ортағасырлық саудагер есеп айырысуды, бухгалтерлік есепті жүргізуді, хат жазуды және шет тілдерін меңгеруді қажетсінді.

Сөздік қор белгілі бір мақсаттар үшін кез-келген тілдің негізін құрайтыны сөзсіз, бірақ бизнес тіл тарихындағы зерттеулер терминологиямен ғана шектелмеуі керек. Бұл тұста бизнес әлеміндегі жанрлар туралы сөз қозғаған жөн. Мысал ретінде Фибоначчидің (Леонардо Пизано) 1202 жылы жарияланған *Liber Abaci* трактатын келтіруге болады. Бұл трактат практикалық есеппен айналысатындарға, яғни саудагерлерге ондық арифметиканы ұсынып насихаттауға арналған. Сонымен бірге осы трактат арқылы Леонардо Пизано еуропалық оқырмандарды араб сандарымен таныстырды.



(Бұл Флоренция ұлттық кітапханасындағы «Liber Abaci» трактатының беті. Оң жақтағы тізімде 1, 2, 3, 5, 8, 13, 21, 34, 55, 89, 144, 233, 377 сандары көрсетілген. Бұл тізім Фибоначчи тізбегі деп аталады) [9].

XIV ғасырда Италияда қарапайым бухгалтерлік есеп жүйесінен екіжақты бухгалтерияға көшу басталды, сонымен бірге қолма-қол ақшаны тасымалдауды қажет етпестен елден елге ақша аударуға мүмкіндік беретін жаңа жанр – аударым векселі пайда болды. Ол «*litera di cambio*» деп аталып, келесі екі ғасырда оны итальяндық саудагерлер бүкіл Еуропаға таратты.

Бизнесті жүргізудің жаңа әдістерін әзірлеу негізінен Италияда болғандықтан, жаңа ортағасырлық іскерлік терминологияның басым бөлігі итальян тілінен келіп, басқа еуропалық тілдерге кірме сөздер немесе аудармалардың енуі түрінде берілген. Мысалы, *cassiere* – «кассир», бұл француздық *caissier*, неміс тілінің *Kassier* және ағылшын тілінің *cashier* сөздерінің негізін қалады. Сондай-ақ итальян тілі Еуропада шығыс елдерінің мәдениетінің таралуына септігін тигізді. Мысалы, «қойма» дегенді білдіретін араб тіліндегі *maxzan* термині, алдымен, итальян тілінде *magazzino* болып бейімделіп, кейін неміс тіліне *Magazin*, ал ағылшын тіліне *magazine* болып еніп кетті [3, 26].

Итальяндық бизнеске қатысты жанрлар мен терминдердің белгілі бір саны кейінгі орта ғасырларда басқа еуропалық тілдерге енгенімен, баспа білдегінің пайда болуы жағдайды түбегейлі өзгертті. Қайта өрлеу дәуірінде бухгалтерлік тіркелім, іскерлік хаттар, аударма вексельдері мен екіжақты бухгалтерия, сондай-ақ *commenda* – сақтандыру келісімшарты, *recordacione* – директивтік нұсқаулар, шот-фактуралар, көлік жөнелтпе құжаты сияқты

бизнесті жүргізудің озық әдістері туралы ақпарат енді негізгі еуропалық тілдердегі мәтіндер арқылы халықаралық деңгейде таратыла бастады.

Аталуы тиіс тағы бір жанр – іскерлік хат. Ортағасырлық іскерлік хат стилистикалық тұрғыдан өте қарапайым, тіпті дөрекі, әрі ауызша дискурске жақын болды. Қайта өрлеу дәуірінен бастап іскерлік жазу жанры бірнеше өзгерістерге ұшырады. Мысалы, қазіргі уақытта үйреншікті қолданыстағы неміс тіліндегі – *Herr*; француз тіліндегі – *Monsieur* құрмет білдіру сөздері хаттарда кеңінен пайдалана бастады [3, 31].

XVI ғасырда жағдай парадоксальды болып көрінеді, себебі сауда орталығы Жерорта теңізінен Атлантикаға ауысты. Италияндық іскерлік әдістер, жанрлар мен терминдер әлемді жаулап алғанымен, Италияның халықаралық саудадағы жағдайы айтарлықтай төмендеді. Бірақ лингвистикалық тұрғыдан қарағанда Кейінгі ортағасырлардың Ренессансқа біртіндеп өту жағдайы ешқандай өзгерісті көрсетпеді.

Сауда туралы алғашқы ауқымды трактаттар XVII ғасырда пайда болды. Әсіресе 1638 жылғы Джованни Доменико Перидің «*Il negoziante*» және 1675 жылғы Жак Саваридың «*Le parfait negociant*» [10] еңбектері ерекше назар аудартады. Бұл екі трактат Қайта өрлеу дәуіріндегі іскерлік әдебиетті дамытуда маңызды рөл атқарды.

Өнеркәсіптік революция тоқтаусыз өнертапқыштық кезеңіне айналды, оның басым бөлігі Британияда болғандықтан, сол кезеңнің тілі бүкіл әлемге Ұлыбританияның сауда желісі арқылы таралды. Әлемдік саяхаттар мен көші-қонға қолжетімділікті арттырып, өнеркәсіптік баспа білдегінің көмегімен әдебиет алмасу процессін жандандырды, осылайша ағылшын тілі әлемде өз үстемдігін нығайтты.

Ағылшын тілінің бизнестің жаһандық тіліне айналғаны – ол әлемдік тарихтағы ең шығармашылық және инновациялық кезеңдердің бірі болған, ал қазір ол технологиялық революцияның негізгі тілі болып табылады.

Қорытынды

Мақалада «бизнес тілі» ұғымы уақыт өте келе маңызды өзгерістердің куәсі болғанын дәлелдейтін тұжырымдамалар ашылып ұсынылды. Ежелгі заманда бизнес тілін бизнеспен байланысты мамандандырылған мағынасы бар сөздерден тұратын жалпы тілден ажырату қиын болатын. Алғаш рет итальяндық саудагерлер кітап пен вексель сияқты мәтіндік жанрлармен сүйемелденетін танымал іскерлік әдістер мен бизнесті жүргізудің бірқатар жаңа шарттарын әзірлеген кезде бизнес тілі нақты мақсаттарға арналған ауқымды тілге айналды. Басқа еуропалық іскерлік тілдері, заманауи дәуірге дейін, итальяндық үлгіге өте тәуелді болды. Бірақ ақыр соңында француз, неміс және ағылшын тілдері өздерін тәуелділіктен босатып тілдік инновацияларға өз үлестерін қоса бастады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Holden, N.** A brief history of the language of business in three snapshots. 9th International GEM&L Workshop: Language in Global Management and Business: Theoretical, Methodological and Empirical Advances – Aalto University, School of Business, Helsinki, Finland – 2015. [Электронды ресурс]. – URL : <https://geml.eu/wpcontent/uploads/2014/10/Holden-GEML-paper-FINAL VERSION-2.pdf> (Қаралған күні: 2.02.2023).

2 **Woodard, R.** The ancient languages of Asia Minor [Мәтін]. Cambridge: Cambridge University Press, 2008. – 185 p.

3 **Mautner, G., Rainer, F., Ross, C.** Handbook of Business Communication. Linguistic Approaches [Мәтін]. – De Gruyter Mouton, 2017. – 711 p.

4 **Andreau, J.** Banking and business in the Roman world [Мәтін]. Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – 176 p.

5 **Lewis, D., Moore, K.** Birth of the multinational: 2000 years of ancient business history – 1999. [Электронды ресурс]. – URL : <https://archive.org/details/birthofmultinati0000moor> (Қаралған күні: 8.02.2023).

6 **Roberts, K.** The origins of business, money and markets [Мәтін]. – New York: Columbia University Press, 2011. – 368 p.

7 **Aubert, J-J.** Business managers in Ancient Rome: A social and economic study of institores, 200 B.C.-A.D. 250. Leiden: E. J. Brill, 1994. [Электронды ресурс]. – URL: https://www.academia.edu/5159597/Business_Managers_in_Ancient_Rome_A_Social_and_Economic_Study_of_Institores_200_B_C_A_D_250 (Қаралған күні: 20.02.2023).

8 **Seidlhofer, B.** Understanding English as a lingua franca [Мәтін]. Oxford: Oxford University Press, 2011. – 240 p.

9 [Электронды ресурс]. – URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Liber_Abaci

10 **Кутер М. И., Гурская М. М., Шихиди А. Г.** Значение учения Жака Савари для развития бухгалтерского учета // Международный бухгалтерский учет. 2011. № 31. [Электронды ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/znachenie-ucheniya-zhaka-savari-dlya-razvitiya-buhgalterskogo-ucheta> (Қаралған күні: 16.03.2023).

References

1 **Holden, N.** A brief history of the language of business in three snapshots. 9th International GEM&L Workshop: Language in Global Management and Business: Theoretical, Methodological and Empirical Advances – Aalto University, School of Business, Helsinki, Finland – 2015. [Electronic resource]. – URL: <https://geml.eu>

eu/wp-content/uploads/2014/10/Holden-GEML-paper-FINAL-VERSION-2.pdf (Accessed: 2.02.2023).

2 **Woodard, R.** The ancient languages of Asia Minor. [Text]. – Cambridge: Cambridge University Press, 2008. – 185 p.

3 **Mautner, G., Rainer, F., Ross, C.** Handbook of Business Communication. Linguistic Approaches [Text]. – De Gruyter Mouton, 2017. – 711 p.

4 **Andreau, J.** Banking and business in the Roman world. [Text]. Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – 176 p.

5 **Lewis, D., Moore, K.** Birth of the multinational: 2000 years of ancient business history – 1999. [Electronic resource]. – URL: <https://archive.org/details/birthofmultinati0000moor> (Accessed: 8.02.2023).

6 **Roberts, K.** The origins of business, money and markets. [Text]. New York: Columbia University Press, 2011. – 368 p.

7 **Aubert, J-J.** Business managers in Ancient Rome: A social and economic study of institores, 200 B.C.-A.D. 250. Leiden: E. J. Brill, 1994. [Electronic resource]. – URL: https://www.academia.edu/5159597/Business_Managers_in_Ancient_Rome_A_Social_and_Economic_Study_of_Institores_200_B_C_A_D_250 (Accessed: 20.02.2023).

8 **Seidlhofer, B.** Understanding English as a lingua franca. [Text]. Oxford: Oxford University Press, 2011. – 240 p.

9 [Electronic resource]. – https://en.wikipedia.org/wiki/Liber_Abaci

10 **Kuter M. I., Gurskaya M. M., Shihidi A. G.** Znachenie ucheniya Zhaka Savari dlya razvitiya buhgalterskogo ucheta [The importance of the doctrine of Jacques Savary for the development of accounting] // International accounting. 2011. № 31. [Electronic Resource]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/znachenie-ucheniya-zhaka-savari-dlya-razvitiya-buhgalterskogo-ucheta> (Accessed: 16.03.2023).

Басып шығаруға 08.09.23 қабылданды.

*А. Х. Халелова

Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Принято к изданию 08.09.23.

КРАТКИЙ ОБЗОР ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ДЕЛОВОГО ЯЗЫКА В ЕВРОПЕ

Эта статья посвящена двум эпохам, отражающим зарождение и развитие делового языка: древней Европе, средиземноморскому

миру с 500 г. до н. э. до 250 г. до н. э. и средневековой Европе, средиземноморскому деловому миру.

В основе статьи лежит то, что два исторических периода демонстрируют далекую, но удивительно прямую корреляцию в странах и культурах, обеспечивая призму просвещения, через которую можно рассматривать деловой язык в современном мире. Определяются отличительные черты выбранных эпох. Например, создание сложной бизнес-терминологии в древних языках, переписка в ранний современный период, появление и развитие жанров в мире бизнеса, разработка популярных деловых методов и ряда новых условий ведения бизнеса и др.

В статье проведен анализ истории развития языка бизнеса от древнего мира до современности в научных трудах европейских ученых. Применялся метод наблюдения в сборе языковых фактов из научной литературы, а также сравнительно-исторический метод в изучении степени и характера влияния, генетической связи одного языка с другим в результате исторических и территориальных связей. Этимологический анализ связан с определением характера первичных морфемных структур, исторических изменений и их причин в бизнес-терминах.

Ключевые слова: бизнес лингвистика, бизнес язык, деловой язык, бизнес термин, терминология.

**A. Khalelova*

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Accepted for publication on 08.09.23.

A BRIEF OVERVIEW OF THE HISTORY OF THE ORIGIN OF THE BUSINESS LANGUAGE IN EUROPE

This article is devoted to two epochs reflecting the origin and development of the business language: ancient Europe, the Mediterranean world from 500 BC to 250 BC, Medieval Europe, the Mediterranean business world. The article is based on the fact that two historical periods demonstrate a distant but surprisingly direct correlation in countries and cultures, providing a prism of enlightenment through which business language can be viewed in the modern world. The distinctive features of the selected epochs are determined. For example, the creation of complex business terminology in ancient languages, the importance of

correspondence in the early modern period, the emergence and development of genres in the business world, the development of popular business methods, and a number of new business conditions, etc.

The article analyzes the history of the development of the business language from the ancient world to the present in the scientific works of European scientists. The method of observation was used in collecting linguistic facts from scientific literature, as well as a comparative historical method in studying the degree and nature of influence, the genetic connection of one language with another as a result of historical and territorial ties. The etymological analysis is connected with determining the nature of primary morphemic structures and historical changes in business terms and their causes.

Keywords: business linguistics, business language, business communication, business term, terminology.

Теруге 08.09.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.09.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,32 МБ RAM

Шартты баспа табағы 23,77. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4138

Сдано в набор 08.09.2023 г. Подписано в печать 29.09.2023 г.

Электронное издание

3,32 МБ RAM

Усл. печ. л. 23,77. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4138

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz